

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимаратын республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 22 қаңтар N 78

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 79 мекен-жайында орналасқан ғимарат Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.17. N 698 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген ғимаратты қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 441, 371-құжат)

1) көрсетілген қаулыға 1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 396-жолмен толықтырылсын:

"396. Ғимарат Абылай хан даңғ. 79 үй";

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшадағы реттік нөмірі 203-жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі